



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылына Апелляциялық комиссия туралы ережесі

Қабылданды
Оқу-әдістемелік кеңес
А. Селезнев атындағы Алматы
хореографиялық училищесі
Хаттама № 6
«21» маусым 2024 ж.

Бекітемін


А. Селезнев атындағы
хореографиялық училищесі
директоры М. А.

Бұйрық № 10



АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылына арналған



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу
жылына Апелляциялық комиссия туралы ережесі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК (бұдан әрі - Училище) апелляциялық комиссиясының мақсаттарын, негізгі міндеттерін, құрамын және жұмысының ұйымдастырылуын, апелляциялық комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Апелляциялық комиссия-алқалы орган, оның мақсаты бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандары бойынша қорытындыларды бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу болып табылады.

1.3. Апелляциялық комиссияның негізгі міндеті - училищеге оқуға түсушілердің (бұдан әрі мәтін бойынша - оқуға түсуші) түсу емтиханынан өткен тұлғалардың, олардың пікірінше, емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін бұзу және (немесе) емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы жазбаша апелляциялық өтініштерін (бұдан әрі мәтін бойынша-Апелляция) қарау.

1.4. Апелляциялық комиссия өз қызметінде ҚР қолданыстағы заңнамасын, училище жарғысын, «А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесіне Қабылдау ережесі», «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесіне Қабылдау туралы ережесін» және училищенің өзге де жергілікті актілерін басшылыққа алады.

1.5. Апелляциялық комиссия түсу емтихандары кезеңіне құрылады.

1.6. Апелляцияны қарау емтиханды қайта тапсыру болып табылмайды.

Апелляцияны қарау барысында түсу емтиханын тапсыру нәтижелерін бағалаудың дұрыстығы ғана тексеріледі.

2. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ, ФУНКЦИЯЛАРЫ, ӨКІЛЕТТІКТЕРІ


2.1. Апелляциялық комиссияның құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады, училищенің арнайы пәндер бойынша тәжірибелі оқытушыларынан құрылады. Апелляциялық комиссияны төраға басқарады. Апелляциялық комиссияның құрамы училище директорының бұйрығымен бекітіледі.

2.2. Апелляциялық комиссияның төрағасы осы Ережеге сәйкес апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады, оның мүшелері арасында міндеттерді бөледі, апелляциялық комиссияның жұмысына бақылауды жүзеге асырады.

2.3. Апелляциялық комиссия мынадай функцияларды орындайды:
- түсу емтихандарының нәтижелері бойынша оқуға түсушілер берген апелляцияларды қабылдайды және қарайды ;
- апелляцияны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдайды ;
- оқуға түсушіні және (немесе) оның ата-анасын (заңды өкілдерін) қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

2.4. Апелляциялық комиссия өз функцияларын орындау мақсатында түсу емтихандарының материалдарын сұратуға / қарауға және түсу емтиханын өткізу рәсімінің сақталуын бағалауға құқылы.

2.5. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен мүшелері:



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылына Апелляциялық комиссия туралы ережесі

- осы Ережеге және ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес апелляцияны уақтылы және объективті қарауды жүзеге асыру;
- өздеріне жүктелген функцияларды этикалық және моральдық нормаларды сақтай отырып, жоғары кәсіби деңгейде орындау;
- құпиялылықты сақтау;
- училищеде белгіленген құжат айналымы, емтихан құжаттары мен материалдарын сақтау тәртібін сақтау.

2.6. Жүктелген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған, құпиялылық және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзған, белгіленген өкілеттіктерді теріс пайдаланған жағдайда Апелляциялық комиссияның төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3. АПЕЛЛЯЦИЯНЫ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

3.1. Түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлға өткізілген кезеңдердің нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін нысан бойынша (қосымшаға сәйкес) апелляцияға өтініш жібере алады.

3.1.1. Карантиндік шаралар, сондай-ақ мемлекеттік органдар енгізген өзге де шектеулер енгізілген жағдайда, өткізілген кезеңдердің нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін өтініш ahu.apellyatsia@mail.ru электронды поштаға қабылданады.

3.2. Апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды және хаттамамен ресімдейді, кейіннен өтініш берушіге қол қойғызып нәтижелер береді (хаттамадан үзінді). Осы Ереженің 3.1.1 тармағында көзделген жағдайда, нәтижелер өтініш берушінің поштасына жіберіледі.

4. АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Түсу емтиханының нәтижелері бойынша оқуға түсуші апелляциялық комиссияға апелляция беруге құқылы.

Оқуға түсушінің түсу емтиханын өткізу рәсімін бұзу немесе түсу емтиханына қойылған оның нәтижелерімен келіспеу туралы дәлелді жазбаша өтініші апелляция болып табылады.

Апелляцияны оқуға түсуші не ата-анасы (занды өкілі) апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Апелляцияға берілген өтініште оқуға түсуші түсу емтихандары рәсімінің қандай бұзушылықтарын, оның пікірінше, қойылған бағаның төмендеуіне әкеп соқтырғанын немесе оқуға түсушінің жұмысындағы қате ретінде дұрыс есепке алынбағанын көрсетеді.

Екінші тұлғалардың, оның ішінде оқуға түсушілердің туыстарының өтініштері қабылданбайды және қаралмайды.

Апелляцияларды қарау түсу емтихандары барысында орындалған жұмыстармен танысқаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей жүргізіледі.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылына Апелляциялық комиссия туралы ережесі

4.1.1. Карантиндік шаралар, сондай-ақ мемлекеттік органдар енгізген өзге де шектеулер енгізілген жағдайда апелляцияларды беру және қарау қашықтықтан технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Апелляция түсу емтиханының нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні апелляциялық комиссияның ahu.apellyatsia@mail.ru электрондық поштасына беріледі.

Апелляция берілгеннен кейін, бірақ бейнеконференция басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірмей оның электрондық поштасына келіп түсетін апелляцияны қарау уақыты мен тәртібі туралы ақпарат жіберіледі.

4.2 .Апелляцияны қарау түсу емтиханын қайта тапсыру болып табылмайды. Апелляцияны қарау барысында түсу емтиханын тапсыру нәтижелерін бағалаудың дұрыстығы ғана тексеріледі.

4.3. Кәмелетке толмаған оқуға түсушімен (18 жасқа дейін) апелляцияны қарау кезінде оның ата-анасының (заңды өкілдерінің) біреуі қатысуға құқылы.

4.4. Апелляциялық комиссия апелляцияны қарайды және түсушінің кәсіби деректеріне тексеру жүргізеді.

4.5. Апелляция қаралғаннан кейін апелляциялық комиссияның шешімі шығарылады.

4.6. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

4.7. Апелляциялық комиссияның шешімі оқуға түсушінің назарына жеке өзі не оның электрондық поштасына жіберу арқылы жеткізіледі.

Апелляциялық комиссия шешімінің хаттамасы Бір жыл ішінде қатаң есептілік құжаты ретінде түсушінің жеке ісінде сақталады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Осы Ереже, оған толықтырулар мен өзгерістер училище директорының бұйрығымен бекітіледі.